

# Министрліктен марапат алды

Маусым айының үшінші жексенбісі елімізде - Медицина саласы қызметкерлерінің күні. Осыған орай қаламызда салтанатты шара етті.

Медицина саласы абыройлы нам аса жауапты қызмет. Қателесуді көтермейтін мамандық, иелері түрлі сырқаттарынан айықтырып науқастардың алғысын алады. Сондықтан да болар, оларға қоғамның күрметі ерекше. «Ақ желенді абзal жандар» деп еспеттеп жатады.

Медицина саласының мамандарын төл мерекелерінде қала әкімі Эльдар КУЗЕНБАЕВ құттықтап, мемлекетіміздің зуялғы байлығы адам денсаулығының сакталуы жолында жасап жатқан зор еңбектеріне алғыс айтты, сала мамандарының бірқатарын салтанатты турде марапаттады. Соның бірі саналы гүмырын медицина қы-



зметіне арнаган Ақылбек ТАТ-КЕНОВ. Ақылбек Хайдарұлына қала басшысы денсаулық саласындағы адал еңбегі үшін және медицина қызметкерлері күні күрметіне орай Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Денсаулық сактау ісінің үздігі» тосбелгісін табыс етті.

Сондай аж, Арқалық қаласы әкімінің грамотасымен Амангелді Сабырулы, Надежда Тагирзянова, Балтын Түйебайқызы, Раушан Абірқызы, Татьяна Попова, Салле Наубетқызы, Қашаңбай Құрманаліулы, Зайра Магомедова, Тамара Тихонова, Арқалық қаласы әкімінің «Алғыс хатымен» Жанна ХАМЗИНА, Гүлбану Эбілжанқызы, Қостанай облысы әкімінің «Күрмет» грамотасымен Мейрамгул Энуарбекұзы, Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сактау басқармасы басшысының грамотасымен Гулшат Ақбердіқызы, Елена ПОДРЕЗ, Лидия ЛИ, Жанаар Айтмерханқызы марапатталды.

Салтанатты шара қала көркем онерпаздарының мерекелік концертіне үласты.